

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі». (1-5 т. – Алматы: «Әлем. Даму. Интеграция», 2017. Толықтырылып, өңделіп екінші басылуы).

АТТЫ ҒЫЛЫМИ ЭНЦИКЛОПЕДИЯНЫҢ

АННОТАЦИЯСЫ

Ұсынылып отырған бес томдық этнографиялық энциклопедияны Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі ғылыми қызметкерлерінің тобы жиырма жыл бойы жасақтады. Еңбек аз уақыттың ішінде екі рет басылып үлгерді. 2011-2014 жылдары жарыққа шыққан бірінші басылым қазірдің өзінде сирек кездесетін ғылыми еңбектердің қатарына енді. Концептуалдық және деректік негізі тұрғысынан мүлдем өзгертіліп, толықтырылған екінші басылым 2017 жылы жарық көрді. Бірінші басылымнан екіншісінің айырмашылығы – соңғысына 147 жаңа мақалалар енгізілді, бұрынғы мақалалардың 688-і қайта өңделді, 682-сі түбегейлі редакциялаудан өтті.

Соңғы басылым әртүрлі схемалармен, таблицалармен, суреттермен, фотосюжеттермен және қазақтың дәстүрлі тыныс-тіршілігін әрқырынан этнографиялық дәлдікпен бейнелейтін қазан төңкерісіне дейінгі орыс суретшілерінің туындыларымен жабдықталды. Бұл энциклопедиядағы мақалалардың танымдық тағылымын эстетикалық жағынан да, ғылыми негіздеу тұрғысынан да айрықша күшейтуге мүмкіндік берді.

Қазақтың тарихи этнографиясының мәселелерін дәстүрлі көшпелі ортадағы ежелден қолданыста болған сан алуан этнографиялық категориялар, ұғымдар және атаулар арқылы жан-жақты әрі жүйелі зерттелуі ұсынылып отырған ғылыми энциклопедияның өзі құралыптас басылымдардан түбегейлі ерекшелігі болып табылады. Тарихи-этнографиялық проблематиканы зерттеудің аталмыш методикалық ұстанымын таңдаудың бірден-бір себебі – қазақ көшпелілері өздерінің сан салалы һәм сан деңгейлі шаруашылық-мәдени харекетін жүзеге асыру барысында, ең алдымен, осы дәстүрлі этномәдени

ортаның күнделікті қолданысындағы әртүрлі категориялар, ұғымдар мен атауларды жан-жақты әрі үнемі пайдаланып отырды. Өйткені сан ғасырлар бойы жинақталып тарихи үрдістің әрбір кезеңінің тегеурінді талап-талғамына байланысты үздіксіз жетілдіріліп отырған ұрпақаралық этникалық бай тәжірбие атадан балаға аталмыш этнографиялық категориялар, атаулар және ұғымдар түрінде беріліп отырды. Ғылымда мұндай категориялар, атаулар мен ұғымдарды этностың шаруашылық-мәдени, институционалдық (саяси), ғұрыптық салалардағы іс-тәжірбиесінің, әрі календарлық, медициналық, ветеринариялық, астрономиялық, космогониялық сынды білімдер кешенінің, сондай-ақ, әртүрлі ырым-тыйымдардың, дәстүрлі көзқарас жүйесінің жинақталған «қоры» ретінде бағамдалатындығы сондықтан.

Ұсынылып отырған энциклопедияға қажетті материалдарды іздестіру, жинақтау, жүйелеу, сұрыптау һәм зерделеу барысында аталмыш категориялар, ұғымдар мен атауларды зерттеудің нысаны әрі әдіс-тәсілі ретінде қолдану да айрықша нәтижелі болып шықты. Ең алдымен, аталмыш методикалық ұстаным тарихи-этнографиялық проблематиканың мәселелерін барынша жан-жақты әрі терең қамтуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ ғалымдардың назарынан күні бүгінге дейін тыс қалып келген көптеген тақырыптарды анықтаудың сәті түсті. Яғни отандық этнология үшін жаңа ғылыми бағыттар пайда болды деген сөз.

Энциклопедияның әсіресе оның соңғы басылымының зерттеу нысаны өзінің айрықша кең ауқымдылығымен ерекшеленеді: еңбектің мазмұны 10000-нан астам тарихи-этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар, яғни когнитивтік бірліктер немесе этномәдени универсалийлерді қамтитын 5846 мақалалардан тұрады. Мұндай когнитивтік бірліктер немесе универсалийлер, жоғарыда айтылғандай, көшпелі қазақтың сан ғасырлық іс-тәжірбиесінің жинақталып түзілген «интеллектуалдық қоры» ретінде халқымыздың дәстүрлі тіршілігін барлық жағынан, барлық қырынан бейнелейді. Аталмыш «интеллектуалдық қордың» қазақтың тарихи-этнографиясын қазіргі

ғылымның соны жетістіктері тұрғысынан зерттеудің сарқылмас бастауы, көзі ретінде бағамдаудың қажеттілігі осында.

Энциклопедия мақалалар, тіпті оның мән-мағына жағынан бірыңғай топқа немесе циклге жататындары да осы ғылыми жанрдың құрылымдық ерекшелігіне байланысты бес томның әрқайсысында алфавиттік реттілікпен орналастырылды. Осыған байланысты оларды тиісті проблемалық-тақырыптық принцип бойынша жүйелеп, осы принциптің негізінде зерделеу қажеттілігі туындайды. Сонымен бірге энциклопедияның қамтыған проблемалардың ауқымдылығы соншалықты, олардың әрқайсысын білдіретін категориялар, ұғымдар мен атаулардың тізімінің өзі 200 беттен асып жығылады. Сондықтан энциклопедияда қамтылған айрықша мол мәселелердің ең өзектілеріне ғана тоқталуды жөн көрдік. Көшпелі социумның институционалдық механизмі тұрғысынан мақалалардың алғашқы тобына дәстүрлі басқару жүйесінің институттары – хан билігі, сұлтан, би, рубасы, ақсақал сынды мәселелерге арналғандар жатады. Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – бұлар ең алдымен этнологиялық тұрғыдан қарастырылады. Энциклопедияда шығыс елдеріндегі, соның ішінде дәстүрлі қазақ қоғамындағы ең жоғары билік жүргізушінің титулы болып табылатын «хан» терминінің семантикасы оның қалыптасуы һәм институционалдық мазмұны тұрғысынан зерделенді. Ежелгі түркі заманында (VI–VIII ғ.) бұл ұғым қағанаттың өлке басшысының титулы ретінде ғана орнықты. Оның ең жоғарғы мәртебелі билеушінің титулы ретінде қолданысқа енуі монғол империясының үстемдік құрған кезеңінде жүзеге асты. Көптеген зерттеушілер (В.В.Бартольд, Т.И.Сұлтанов) бұл жайтты аталмыш империяның әміршісі Шыңғысханның есімімен байланыстырады.

Көшпелі қазақ қоғамында хан болуға тек Шыңғысханның тұңғышы Жошы ханның ұрпақтарына ғана тиесілі болды. Оның өзінде де хандыққа тек сұлтандардың ішіндегі ел-жұртқа өзінің адамгершілігімен де, іскерлігімен де беделді жүрген тұлға ғана лайықты деп есептелінді. Осы ретте айта кетер

біреу гәп – зерттеушілердің күллісі әдетте төре тұқымдарының бәрін сұлтандар категориясына жатқызады. Алайда бұл – шындықпен жанаспайтын мүлдем қате ұстаным. Шынтуайтында, төрелердің ішінде ел-жұрттың һәм көшпелі қоғамның игі жақсыларының алдында өзінің моральдық-этикалық қадір-қасиетімен һәм ұйымдастырушылық қабілетімен ерекше беделді болғандары ғана сұлтан дәрежесіне ие бола алды. Энциклопедияда айтылғандай, хандық билікке лайықты деп есептелінген сұлтанның кандидатурасы арнайы шақырылған кеңейтілген «тағанақ кеңес» атты құрылтайға жиналған үш жүздің айрықша беделді тұлғалары – сұлтандар, *сөз ұстаған* билер, рубасылары, ақсақалдар алдында жан-жақты талқылауға түсетін (5 т.). Ритуалдық-ғұрыптық мәнді осынау құрылтай аяқталу кезеңінде талқыға түскен хандық биліктен үміткер сұлтанның адамдары, ең алдымен, үш жүздің әйгілі билеріне аталмыш үміткерді қолдауын өтінетін. Ұйқасымды әрі эстетикалық әсерлі мәнерде айтылатын мұндай өтініш дәстүрлі қазақы ортада *сөз тастау* немесе *сөз салу* деп аталады. Ежелден орныққан *аталы сөзге тоқтау* принципі бойынша мұндайда *сөз тастаушылардың* меселі қайтарылмайтын.

Энциклопедияда қаузалған осы тақырып басқа мақалаларда жалғасын тапты. Онда әртүрлі мәліметтердің негізінде хандыққа лайықты деп танылған сұлтанды сән-салтанаты келіскен ханға сайлау үрдісі сипатталынады (5 т.). Осы үрдістің құрамдас компоненттері болып табылатын әртүрлі ритуалдық-ғұрыптық жөн-жосықтар энциклопедияда жаңа ханның билікке ие болуына байланысты қоғамдағы болуға тиісті жаңару һәм жаңғырудың символ-актілері ретінде бағамдалады. Мысал ретінде сұлтанның ақ киізге отырғызылып, *ханға көтерілу* жосынын энциклопедияда көшпелілердің жаңартылған, жетілген тіршілік кеңістігін ұйымдастырудың жаңадан орныққан ұйытқы-орталығының символы ретінде қарастырылғандығын айтуға болады (5 т.). Сондай-ақ таққа отырғызудың алдында міндетті түрде атқарылатын үміткер сұлтанды *боз биенің сүтіне шомылдыру* салты энциклопедияда болашақ ханның рухани

тазаруының акт-символы ретінде бағамдалғандығын айрықша аталып өтілді (5 т.). Осы ретте аталмыш мәселенің отандық тарихнамада мүлдем қарастырылмағандығын ерекше назар аударады.

Келесі мақалалар тобында қазақ ханының (әлбетте, қазақ қоғамындағы хандық биліктің XIX ғасырдың 20-жылдарының ортасында Ресей империясының зорлығымен жойылғандығына дейін) құқық саласында да функция атқарғандығы жөнінде айтылады (5 т.). Бұл үрдіс дәстүрлі қазақы ортада *хан билігі, төрелік айту* немесе *төрелік жүргізу* деп аталатын. Сондай-ақ *хан байлаған іс* немесе *хан кесімі* деп аталатын ханның шығарған құқықтық шешімі жөнінде де арнайы зерттеу жүргізілді. Осы тақырыпқа арналған мақалаларда айтылғандай, әдетте, аталмыш құқықтық шешімнің орындалуы міндетті болатын. Алайда ханның мұндай шешімді қабылдауы міндетті түрде хан кеңесінің мүшелері – дала аристократтарының айрықша беделді өкілдері – сұлтандармен, билермен, рубасыларымен, әйгілі батырлармен, ақсақалдармен келісілетін.

Сондай-ақ энциклопедияның тиісті мақалаларында қарастырылған сұлтандар, билер, рубасылар, ақсақалдар сынды институттардың әртүрлі функциялары жоғарыда хан билігіне байланысты атап көрсетілгендей, этнографиялық тұрғыдан зерделенді. Энциклопедияда келтірілген әртүрлі мәліметтер аталмыш билік иелерінің әрқайсысы көп жағдайда бір-бірінің функцияларын да атқарып отырғандығын айғақтайды. Мысалы, қазақ билерінің де, тіпті сұлтандардың да біразы әрі рубасы болғандығы тарихтан мәлім жайт. Сондай-ақ ақсақалдардың да кейбіреулері рубасы, кейде билердің функциясын атқара бергендігі жөнінде сан алуан мәліметтер, әсіресе, қазан төңкерісіне дейінгі орыс тарихнамасында біршама кездесетіндігі жөнінде энциклопедияда сөз болады. Осы ретте ерекше қадап айтар факт – аталмыш тұлға-институттардың әрқайсысы өзінің тиісті функцияларын ең алдымен өзінің туған ортасы болып табылатын рудың өкілі ретінде атқарып отырды. Бұл жайтты көшпелі қазақтар үшін жетіаталық рудың қауым-социум ретінде

ең басты тіршілік кеңістігі болғандығымен түсіндіру қажет. Өйткені аталмыш қауым-социумның ауқымында ғана материалдық және рухани құндылықтардың күллісі өндіріліп отырды. Осыған байланысты, тіпті ең күдіретті қауқарлы ханның өзі қазақ руларымен, оның билеушілері рубасы және билермен міндетті түрде санасты. Ал қазақ руларының арасындағы ең қуаттылары ханның арқа тұтар «ханның нағы» деп аталатын сүйеніштеріне айналды (5 т.).

Энциклопедия мақалаларының тақырыптық жағынан өзектес тағы бір тобында жүз, тайпа, дәстүрлі қазақы ортада ру болып табылатын *жетіата* сияқты таксономиялық құрылымдарының инситуционалдық болмыс-бітімі һәм функциялары қарастырылады. Аталмыш таксондар отандық тарихнамада тұңғыш рет әлеуметтік қатынастардың тиісті деңгейлерінің ұйымдық формалары ретінде зерттелінеді. Мысалы ретінде энциклопедияда жүз, іс жүзінде, тайпааралық қатынастардың, тайпа – руаралық қатынастардың, ал ру *жетіата* өз құрамындағы *бірата* деп аталатын шаңырақ иелері емшектес ағайынды адамдардың үш отбасынан тұратын бірлестіктен бастап, үшінші, кейде төртінші атадан тараған отбасылардың бірлестіктерінің өзара қатынастарының ұйымдық формалары екендігі арнайы қаузалып, теориялық негізделгендігін айтуға болады (2, 5 тт.). Осы ретте ерекше ескерер жайт – жүз, жоғарыда айтылғандай, тайпааралық қатынастың ұйымдық формасы ретіндегі функциясын руаралық қатынасты реттеу жолымен атқарғандығын атап өткен ләзім. Бірақ бұл ретте жүз өзінің руаралық қатынасты реттейтін ұйымдық (институционалдық) функциясын өз кезегінде тайпа арқылы жүргізіп отырды. Яғни, тайпа жүз бен ру арасындағы қатынастар жүйесінде өзіндік *беріліс* механизмі рөлін атқарды.

Энциклопедияда үшжүздік жүйенің қалыптасуы және институционалдық табиғаты арнайы қарастырылды. Осы мәселені арнайы зерттеген В.П.Юдин және оның осы ғылыми саладағы дәстүрін жалғастырған Т.И.Сұлтановтың дәйекті ой-тұжырымдарына қарағанда, жүздік жүйе XVI және XVII

ғасырлардың шендескен кезеңінде қалыптасқан сыңайлы. Аталмыш және басқа да ғалымдардың кәміл сенімі бойынша, аталмыш уақытта қазақ этносы үш жүзге бөлініпті-мыс. Біздің ойымызша, қазақ жұрты үш жүзге бөлінген жоқ, керісінше, ұйымдасты. Өйткені, қазақ этносының жоғарыда аталған кезеңде қалыптасып, орныққан өзін-өзі ұйымдастыруының үш жүздік жүйесі Қазақстанның алып территориясында адамдар және материалдық ресурстарды мейлінше тиімді бөліп орналастырып, ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Осыған байланысты адамдар мен материалдық ресурсты аталмыш территориялық ұйымдастырудың үш жүздік жүйесін көшпелі тіршілік кешкен қазақ этносына жергілікті жем-шөп және су ресурстарын барынша тиімді игерудің институционалдық бірден-бір мүмкін жолы ретінде қарастырған ләзім. Жоғарыда үш жүздік жүйені қазақ этносының үшке бөліну жайтты ретінде емес, керісінше бірыңғай ұйымдасуы деп бағамдаған жөн деп отырғандығымыз сондықтан. Сонымен бірге үш жүздік жүйе жүзаралық, осы арқылы тайпа және руаралық қатынастар жүйесінің үйлесімділігін қамтамасыз ететін институционалдық басқару тәсілі де болып табылады. Энциклопедияда атап көрсетілгендей, дәстүрлі қазақы ортада *ата-әке-бала (ата-бала-немере)* желісі (вертикаль) қазақ этногенезі мен жүздердің генезисін қазақы «патрилиниялық» жосынмен түсіндірудің (және түсінудің де) «қолданбалы құралы» болса, *үлкен ұл – ортаншы ұл – кіші ұл* желісі социумдағы деңгейлес (горизонталь) құрылымдардың, әсіресе, үш жүздің *ағайындылық* реттілігін негіздеудің және түсіндірудің үлгілі моделі болды. Демек, қазақ жүздері аталмыш отбасылық патронимиялық желіс (*үлкен ұл – ортаншы ұл – кіші ұл*) үлгісімен қалыптасты деп айтуға болады. Расында да, тарихи тәжірибе айғақтап отырғандай, қазақ қауымының осындай патронимиялық желіспен ұйымдасуы үш жүздің арасындағы қазан төңкерісіне дейінгі орыс зерттеушілері сан жазған үйлесімділікті қамтамасыз етті. Әйгілі Саққұлақ бидің әдеттік құқыққа байланысты қолжазбасының 117-бабында «*Ұлы жүз Орта жүзге де, Кіші жүзге де аға саналсын*» деп арнайы айтылуы көшпелі

ортада жүзаралық қатынастың ежелден орныққан іргелі нормалары мен принциптерін қатаң ұстануға ерекше мән бергендігін аңғартады. Қазақ социумында руаралық қақтығыстар орын алып тұрса да, жүзаралық ірі кикілжіңнің еш уақытта болмағандығы сондықтан.

Энциклопедиядағы пайдаланылған сан алуан мәліметтер жетіата бірлестігінің көшпелі тіршілік жағдайында әрі рулық құрылым ғана емес, қауым-социум ретінде де сан салалы функция атқарды. Өйткені жоғарыда айтылғандай, жетіатаның құрамдас компоненттері – отағасылары бірге туған үш отбасынан бастап он бес отбасынан тұратын «бірата» деп аталатын патрилиниялық бірлестіктердің ғана бүкіл социумдағы бірден бір материалдық және рухани игіліктерді өндіретін өндіргіш күштер екендігіне байланысты аталмыш жетіаталық құрылым көшпелілердің ең басты әрі бірден бір мүмкін тіршілік кеңістігі болды.

Жоғарыда қаузалып зерделенген мәселелердің логикалық жалғасы іспеттес энциклопедияның келесі мақалалар тобында әдеттік құқық қатынастар жүйесі мен оның институттары зерттелінеді. Осыған байланысты *билер кеңесі, жүгініс, бидің билігі* (әлбетте, ғылыми әдебиетте айтылып жүргендей, әсте билер соты емес, себебі бұл термин орыс тілінен ауысқан «суд биев» деген атаудың қазақы нұсқасы ғана) сынды процессуалдық-құқықтық институттардың институционалдық табиғаты мен функциялары талданылады (1, 2 тт.). Сондай-ақ дәстүрлі қазақы ортадағы отбасының әртүрлі типтері (мысалы, кәдуілгі отбасы, *бірата* деп аталатын емшекте ағайындардың отбасыларынан тұратын «үлкен отбасы» және т.б.) қарастырылады (1, 4 тт.). Осы мәселеге байланысты түсінікті отбасылық деңгейде атқарылатын әртүрлі ғұрыптық жосын-жоралғылар һәм ырым-тыйымдарды зерттеуге арналған мақалалар толықтыра түседі (1, 2, 3, 4, 5 тт.).

Энциклопедиялық мақалалардың үлкен тобы қазақтың ежелгі мал шаруашылығын басты бағыттары – жылқы, қой, түйе шаруашылықтарына және ірі қара – сиыр түлігін ұқсатып ұстау мәселелеріне арналды (1, 2, 3, 4, 5

тт.). Сондай-ақ дәстүрлі қазақы ортада соншалықты кең тарала қоймаған ешкі шаруашылығы да этнографиялық тұрғыдан зерделенді. Осы ретте ескере кетер жайт – ешкі қоймен бірге жайылатындықтан әрі бірге қораланатындықтан бір түлікті құрайды.

Отандық этнология ғылымында айтарлықтай назар аударыла бермейтін қазақтың дәстүрлі жер шаруашылығы һәм егіншілікке арнайы мақалалар арналып отыр. Осы ретте, әсіресе, ғылыми ортаға мүлдем беймәлім қазақтың дәстүрлі гидротехникалық құрылымдары мен құралдары сан алуан когнитивтік бірліктер – категориялар, ұғымдар және атаулар арқылы жан жақты зерттелінді *түкірткі, қарабура, салма, арық салма, шығыр-әуіт* және т.б. (1, 2, 3, 4, 5 тт.).

Энциклопедияда ерекше көңіл бөлінген мәселердің қатарына қазақтың ежелгі тіршілікқамы жүйесі жатады. Осы жүйенің құрамдас компоненттері – қоныс, тұрғын үй және оның типтері, киім-кешек, ас-тағам, үй жиһазы, ыдыс-аяқ сондай-ақ халықтық метеорология, халықтық медицина, халықтық ветеринария, этноастрономия сынды халықтық білімнің салалары олардың әрқайсысының атқаратын тіршілікқамы функциясы тұрғысынан зерделенеді (1, 2, 3, 4, 5 тт.).

Мақалалардың келесі тобы қазақтың дәстүрлі әскери ісі және институттарын, соның ішінде, батыршылдық институтын тиісті когнитивтік бірлік арқылы зерделеуге арналды. Сонымен бірге, соғыс жүргізудің және жаудан қорғанудың сан алуан құралдары, қарулары, сондай-ақ тактикалық һәм стратегиялық әдіс-тәсілдері де қарастырылды (1, 2, 3, 4, 5 тт.).

Тиісті категориялар, ұғымдар мен атаулар арқылы дәстүрлі қазақы ортадағы ертегі айтушылар, ән-күй орындаушылар, жыршылар мен жыраулар, сондай-ақ айтыс өнері сияқты салалардың құрылымы және коммуникативтік, эстетикалық, ғұрыптық, тәрбиелік сынды функциялары зерттелінді. Осы мәселеге байланысты, әсіресе, әртүрлі музыкалық аспаптар арнайы зерттеудің нысаны болды (1, 2, 3, 4, 5 тт.).

Энциклопедияның әр томында кездесетін мақалаларда дәстүрлі үй шаруашылығы, кәсіпшілдік (ұсталық, ершілік, ағаш ұқсату, тері илеу және одан шаруашылық һәм тұрмыстық бұйымдар жасау ісі, балықшылық, аңшылық және т.б.) осы салалармен тығыз байланысты қолданбалы өнердің бағыттары (киіз бұйым жасау, кілем тоқу, зергерлік) арнайы зерттелінді. Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – ұлттық этнология ғылымында бұрын-соңды қарастырылмаған тері илеу және одан сан алуан бұйымдар жасаудың біраз аспектілерін айқындаудың сәті түсті. Мысалы ретінде «күдері» (замша) дайындаудың *қыбықтыру* (дублирование) деп аталатын ежелгі технологиясын айтуға болады. Қазақ этнографиясының басқа мәселелері сияқты қарастырылған тақырыптардың аясында тиісті ғұрыптық жосын-жоралғылар мен ырым-тыйымдарды арнайы зерттеу, сөз жоқ, дәстүрлі шаруашылық-мәдени харекеттің аталмыш салалары жөніндегі түсінікті нақтылауға мүмкіндік береді (1, 2, 3, 4, 5 тт.).

Дәстүрлі қазақы ортадағы ежелден орныққан ұлттық этнологияда зерттеліне қоймаған *жыл қайыру, ай есебі, күн қайыру, жұлдыз қуу, жұлдыз қарау* сынды халықтық астрономияның мал шаруашылығында да, тұрмыста да атқарған тіршілікқамы функциясын энциклопедиялық форматта жан жақты әрі жүйелі зерттеуге арнайы мақалалар циклы арналды (1,2,3,4,5 тт.).

Сонымен, ұсынылып отырған ғылыми-этнографиялық энциклопедияның зерттеу диапазонының айрықша ауқымдылығы және ондағы мақалалардың танымдық тағылымы, сөз жоқ, басылымдағы қаузалған мәселелерді зерделеуге қолданылған ұғымдық-категориялық ұстанымның өлшеусіз эвристикалық пәрменін һәм ерекше тиімділігін айғақтайды.

Сондай-ақ энциклопедия қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің зерттеушілерге белгілі аспектілерін де, күні бүгінге дейін беймәлім болып отырған сан алуан қыр-сырларын да (яғни барлығы 4000-нан астам қазірге дейін мүлдем белгісіз болып келген этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар арқылы айқындалған тың тақырыптар) қазіргі ғылыми жетістік

тұрғысынан жан жақты түгендеу, жүйелеу әрі зерделеудің қомақты нәтижесі болып табылады. Сондықтан да болар, еліміздегі ғылыми ортаның ғана емес, шетелдік білікті зерттеушілердің де жоғары әділ бағасына ие болған энциклопедияны ұлттық мәдениетіміздің айрықша ауқымды антологиясы ретінде де бағамдауға болады. Өзінің жоғарыда айтылған зерттеу диапазонының ауқымдылығымен де, методологиялық-теориялық зерделілігімен де ерекшеленетін ұсынылып отырған этнографиялық энциклопедия құралыптас басылымдар әлемдегі түркі тілдес мемлекеттер мен ТМД елдерінде кездеспейді.